
ТІЛТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ACTUAL PROBLEMS OF LINGUISTICS

Ғылыми мақала
FTAMP 16.01.11
<https://doi.org/10.31489/2025PHI4/6-18>

Мақаланың редакцияға түскен күні: 12.05.2025 ж.
Қабылданған күні: 05.06.2025 ж.

Қ.Б. Жетпісбаева^{1*}, Б.Н. Жұбатова²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: kaluash_88@mail.ru)

Лингвомәдениеттану және мәдени лингвистика: салыстырмалы талдау

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын этнолингвистика зерттеп келсе, кейіннен жаңа ғылыми бағыт — лингвомәдениеттанудың қалыптасуына ұласты. Бұл салада посткеңестік және батыстық дәстүрлер арасында әдіснамалық айырмашылықтар бар: қолданылатын ұғымдар, терминдер мен зерттеу әдістері мазмұны мен сипаты жағынан айтарлықтай ерекшеленеді. Осы айырмашылық лингвомәдениеттануды батыстық бағыт — мәдени лингвистикамен салыстырғанда анық байқалады. Мақалада осы екі ғылыми бағыттың салыстырмалы талдауы ұсынылып, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары анықталады. Лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистика бағытында жазылған зерттеу жұмыстарына талдау жасалынып, аталған екі бағытта қолданылып жүрген ұғымдар мен атаулардың жанасу деңгейі мен даму бағыттары қарастырылады. Сонымен қатар батыстық лингвомәдени зерттеулердегі *мәдени категория*, *мәдени метафора* және *мәдени схема* атты талдау құралдарының мазмұны сипатталады. Мәдени Лингвистиканың теориялық негізін құрайтын *үлестірілген когниция* және *мәдени когниция* ұғымдары айқындалып, мәдени концептуалдау нәтижесі лингвомәдениеттану бағытының зерттеу бірлігі болып табылатын *концепт* ұғымына сәйкес келетіндігі туралы тұжырым жасалынады. Зерттеудің практикалық маңызы — батыстық мәдени лингвистика әдіснамасының ерекшеліктерін анықтау арқылы шетелдік басылымдарда ғылыми мақала жариялауды көздейтін отандық зерттеушілерге метатілге қатысты ұсыныстар беруінде. Сондай-ақ мақала отандық ғалымдарды мәдени лингвистиканың ерекшеліктерімен таныстырып, лингвомәдениеттану метатіліндегі терминдік аппаратқа нақтылау енгізудің өзектілігін негіздейді.

Кілт сөздер: лингвомәдениеттану, Мәдени Лингвистика, концепт, мәдени концептуалдау, мәдени когниция.

Kipicne

Тіл, мәдениет және адам (сана) үштігіне негізделіп, лингвомәдени сипатта жазылған отандық және батыс ғалымдарының зерттеулерімен танысу барысында бір-біріне жақын, сонымен бірге бір-бірінен дербес әрі қатар дамып жатқан бағыттар арасындағы әдіснамалық айырмашылықтар көзге түседі. Аталған айырмашылықтар тіл мен мәдениет арақатысын зерттеуде қолданылатын әдіснамалар мен тәсілдерге авторлардың жасаған сараптауы барысында анықталды. Шетелдік және отандық ғылыми зерттеулерде тілге «*мәдени ақпаратты тасымалдаушы құрал*» деген анықтама берілгенімен, бұл байланыстың теориялық негіздері, тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынасқа негізделген үдеріс пен оның нәтижесін көрсетудегі өзіндік ерекшеліктері алға шығады. Отандық лингвомәдениеттануда қарастырылатын *әлемнің тілдік бейнесі*, *әлемнің ұлттық бейнесі*, *әлемнің концептуалды бейнесі*, *мәдени фон*, *мәдени реңдерек (коннотация)* және т.б. терминдер мен

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kaluash_88@mail.ru

терминдік тіркестер батыс ғалымдарының метатеориясында кездеспейді. *Linguistic picture of the world, linguoculturological aspect* тәрізді терминдік тіркестер отандық ғалымдардың ағылшын тіліне аударылған еңбектерінде ғана қолданылғанмен, батыс ғалымдарының метатілінде мұндай терминдер қолданылмайды. Бұл жерде біз қазақстандық және посткеңестік ғылыми кеңістік ортақтығын атап өткіміз келеді. Қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану мен орыс лингвомәдениеттануы арасында әдіснама тұрғысынан бір-бірінен айтарлықтай айырмашылық жоқ екені белгілі. Ал батыс ғалымдары тіл мен мәдениет байланысын зерттеуде өзгеше әдіснама қолданады. Мысалы, көп жағдайда отандық зерттеу жұмыстарында *концепт* термині тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың көрінісі, әрі зерттеу бірлігі ретінде қолданылса, батыстық зерттеулерде *мәдени концептуалдау*, *мәдени скрипт* терминдері пайдаланылады. Сонымен қатар кейбір отандық зерттеулерде лингвомәдени байланысты басқа атаулармен де (*лингвомәдени рема*, *мәдени доминант*, *ұлттық-мәдени компонент*) беріп жатады. Шындығында, бір ұғымның әртүрлі аталуы, оған қатысты бірнеше терминнің жарыса қолданылуы зерттеушілерді жаңылыстырып, олардың бір-бірін түсінуіне кедергі туғызатыны анық.

Отандық және батыстық лингвомәдени зерттеулердегі аталған айырмашылықтар осы саладағы шетелдік зерттеу жұмыстарын қазақ немесе орыс тіліне (немесе керісінше) аудару барысында да қиындық тудырады. Себебі тіл мен мәдени концептуалдау негізінде қалыптасқан *Мәдени Лингвистика* (түпнұсқада: *Cultural Linguistics*) атты пәнаралық саланы отандық лингвомәдениеттанудың батыстық *баламасы* ретінде тану — қате түсінік. Сондықтан да доктор Берт Питерстің [1] мақаласын орыс тіліне аудару барысында О.Н. Дубровскаяның *Cultural Linguistics* терминдік тіркесін *лингвокультурология* (лингвомәдениеттану) деп аударуы — осы бұрыс түсініктің айқын нәтижесі. Бұл аударманы кезінде К. Мизин мен Ж. Коростенский [2] сынаған болатын, себебі батыс ғылыми қауымдастығында мақұлданып, қабылданған, Австралия университетінің профессоры Фарзад Шарифиан есімімен байланыстырылатын *Мәдени Лингвистика* деп аталатын ғылыми бағыт, басқаша айтқанда *батыс мәдени лингвистикасы* мен орыс ғалымдарының танымындағы *лингвомәдениеттану* — бір нәрсе емес. Неге? Бұл орынды, әрі өзекті сұраққа біз лингвомәдени зерттеулердегі отандық және батыстық тәсілдер арасындағы айырмашылықтар мен ортақтықтарды анықтауға тырысамыз.

Материалдар және әдістер

Зерттеу материалдары ретінде лингвомәдениеттану мен Мәдени Лингвистиканың теориялық мәселелеріне арналған зерттеулер алынды. Ал нақты концепт пен мәдени концептуалдану арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды айқындауда *жүрек* соматизміне арналған Ф. Шарифиан [3], Ю. Кочи [4] және посткеңестік лингвомәдениеттанудағы *жүрек* концептісіне арналған А. Исатай мен С. Жанболатованың [5], Н. Канапиянова және А. Алимханның [6], И. Мадаминованың [7] зерттеулері материал болып табылады. Авторлар отандық лингвомәдениеттану және батыстық Мәдени Лингвистика арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауда салыстырмалы талдау әдісін қолданады. Аталған әдіс арқылы тіл мен мәдениет тоғысынан туындаған осы ғылыми бағыттардың қалыптасу тарихы және әдіснамалық ерекшеліктері жағынан салыстырылып, ара-жігі анықталады. Нәтижесінде отандық лингвомәдениеттану мен батыстық Мәдени Лингвистика арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтардың орын алу себептері талданады.

Әдебиетке шолу

Посткеңестік лингвомәдениеттану лингвистикадағы антропоэлекті парадигманың өнімі ретінде қарастырылып [8], Тіл — Адам — Мәдениет үштігіне негізделеді. Бүгінгі күні лингвомәдениеттану ауқымды салаға айналып, лингвокогнитология [9] және коммуникативті лингвомәдениеттану [10] бағыттарын қамтитынын айта аламыз. Лингвомәдениеттану этнолингвистикамен де шектеседі, себебі екеуінің де зерттеу мазмұны этнос — тіл — мәдениет арақатынасымен байланысты. Бірақ, ғалымдардың түсіндіруінше, «этнолингвистика қазіргі тілдік материалдарды диахрондық тұрғыдан қарастырса, лингвомәдениеттану тілдік деректерді өткен күн тұрғысынан да, қазіргі уақыт межесінен де рухани мәдениет негізінде зерттейді» [11:153]. В. Маслова лингвомәдениеттануды тілде сақталған халық мәдениетінің көрінісін зерттейтін мәдениеттану мен лингвистиканың тоғысында пайда болған ғылым деп түсіндіреді. Бұл жерде В. Маслова когнитивті лингвистиканы сөз етіп тұрмаса да, лингвомәдениеттану бағытында жазылған жұмыстардың менталды болмысты қамтитынын жоққа шығара алмаймыз. Себебі бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарының ажырамас ұғымы болып табылатын

концепт терминінің «тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін сана ретінде анықталуы кез келген лингвомәдени зерттеудің танымдық сипатқа ие» екендігін көрсетеді [12:8]. Бірақ лингвомәдениеттанудағы когнитивті сипаттың *санасы* мен *мөлшері* батыс зерттеушілері тарапынан сұрақ тудыруда [13:284].

Ал Фарзад Шарифиан батыстық Мәдени Лингвистиканың* XX ғасырда тіл мен мәдениет байланысына негізделген этнолингвистиканың бір бөлігі ретінде танылған *мәдени лингвистика* (кіші әріптермен: cultural linguistics) саласынан бастау алатындығын айтады және өзі ұсынып отырған бағытты *таным — тіл — мәдениет* үштігіне негізделген, когнитивті лингвистика мен антрологиялық лингвистика салаларын біріктіретін пәнаралық бағыт ретінде түсіндіреді [14:13-16]. Осы тұста антрополог Гари Палмердің қосқан үлесін атап өткен орынды. Себебі ол алғашқылардың бірі болып, XX ғасырдағы когнитивті зерттеулердің мәдениет атты күрделі феноменді ескерусіз қалдырып жатқандығына назар аударды [15:3-6]. Алайда осы идеяны дамытқан Ф. Шарифиан бұл бағыттың теориялық негізін қалыптастырып, оны талдау құралдарымен жабдықтады. Бағыттың атауын ағылшын тілінде бас әріптермен белгілеуінің өзі бұл саланың алғашқы нұсқасына қарағанда ауқымының тарылғанын, нақтылана түскенін, яғни сипатының жалпыдан жалқыға ауысқанын аңғартады. Жалпы, бағыт атауын бас әріппен жазуды қолдану — батыстық ғылымда кең тараған тәсіл (салыстырыңыз: ауқымды ғылыми сала — когнитивті лингвистика және Дж. Лакофф пен В. Лангакер теориясына негізделген Когнитивті Лингвистика). Демек, Мәдени Лингвистика ғылыми тәсіл, әрі пәнаралық бағыт деп танылады.

Мәдени Лингвистика мен лингвомәдениеттанудың зерттеу пәні ортақ, бірақ осыған қарамастан олар бір-бірінен дербес әрі қатар дамуда, сонымен бірге әрбір саланың ұстанатын әдіс-тәсілі мен принциптеріне сай өзіндік ерекшеліктері бар. Осы ерекшеліктерді лингвомәдениеттанудың Мәдени Лингвистикамен салыстырғанда лингвистикалық және экстралингвистикалық мәліметтерді қамтитындығын алға тартатын жұмыстар да кездеседі [16:284]. Бұл жердегі «экстралингвистикалық ақпарат қоғамдағы мәдени-тарихи, әлеуметтік дәстүрлер мен әлеуметтік-мәдени өмір шындығын қамтитынын» [17:9] ескерсек, Мәдени Лингвистиканың талдау құралдары да дәл осындай тілдік емес деректерге сүйенетінін айта аламыз (оған алда тоқталатын боламыз).

Теориялық негізі жүйеленген және талдау құралдары қалыптасқан Мәдени Лингвистиканың кемшін тұстары да бар. Оның тіл мен мәдениет байланысын толық түсіндіре алатынымен келіспейтін ғалымдар да бар [18], [19]. Б. Питерс мәдениеттер арасындағы айырмашылықты қалыптастыратын әдет-ғұрып немесе салт-дәстүр емес, мәдени құндылықтар жүйесіндегі айырмашылықтар екенін алға тартады. Сол себепті ол Ф. Шарифианның *мәдени құндылық* ұғымына лайықты дәрежеде назар аудармауын Мәдени Лингвистиканың кемшілігі деп есептейді [1:41-43]. Осы арада Б. Питерс мәдени құндылықтарды «нақты лингвомәдени ортада таралған және осы ортаға тән көзқарастар, ұстанымдар мен күнделікті қарым-қатынастарға негіз бола алатын құндылықтар» деп анықтап, бұл ұғымның А. Вежбицкая негізін қалаған *Табиғи Семантикалық Метатіл* (Natural Semantic Metalanguage) теориясында қарастырылғанын, сонымен бірге қолданбалы этнолингвистикада жете зерттелгендігін алға тартады [1:47-48]. Біз бұл тұжырыммен толық келісе алмаймыз. Себебі соңғы зерттеулердің бірқатары А. Вежбицкая тәсілінің мәдени құндылықтарды түсіндіруде және аударуда мінсіз еместігін көрсетуде [20:572]. Дегенмен Б. Питерс кей тұстарда Ф. Шарифиан ұсынған талдау құралдарының мәдени құндылық (cultural value) ұғымын жеке-дара бөліп қарастырмаса да, қамтитындығын мойындайды: «... по крайней мере в работах Шарифиана, признается важность (культурных) ценностей, хотя и не явно. В некоторых работах это осуществляется за счет связи ценностей и культурных концептуализаций. Эта связь может быть очень неопределенной» [18:43]. Бұл жерде қозғалып отырған *құндылық* ұғымының лингвомәдениеттанудағы зерттелу деңгейіне келетін болсақ, оны А. Кикливич *әлсіз* деп бағалайды [13:13]. Алайда *лингвомәдени концепт* термині мен құндылық арақатысын белгілеген В.И. Карасик концептінің негізін құндылық құрайтындығын, оның мәдениетті зерттеуге қызмет ететіндігін, ал мәдениеттің құндылықтар қағидатына сүйенетіндігін айтады [21]. Құндылықтар мәселесі біз қарастырған зерттеулер мазмұнында қамтылады деуге толық негіз бар.

Лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистика арасындағы әдіснамалық айырмашылықтар күрделі сипатқа ие. Посткеңестік лингвомәдениеттануда белсенді қолданылып жүрген *лингвомәдени рема*, *мәдени код*, *тілдік тұлға*, *лингвомәдени концепт* тәрізді терминдердің мән-мағынасы мен

* Ф.Шарифиан негізін қалаған Мәдени Лингвистиканы аталған себептерге (осы бөлімде қозғалады) сүйене отырып, бас әріптермен беруді ұсынады.

шекарасының нақтыланбауы әдіснамалық «хаос» туғызуда [2:10]. Бір-бірінен айқын ажыратылған зерттеу құралдарының әлі де қалыптаспауы оның әлсіз тұстары болып саналады. А. Киклевич статистикасына сүйенсек, лингвомәдениеттану бағытындағы зерттеулерде *концепт* «адам санасындағы мәдениеттің жиынтығы» ретінде белсенді түрде қолданылады екен [13:283]. Посткеңестік ғалымдардың бұл терминге тым «әуестенуі» сынға да ұшырады [22:26].

Лингвомәдениеттануда *концепт* терминіне берілген анықтамалар көп. Бұл өз кезегінде терминнің лингвомәдениеттанудағы қолданысының әлі де нақтыланбағанын көрсетеді. Лингвомәдениеттануда концептіге берілген алғашқы анықтамалардың бірі мынадай: «концепт... — это индивидуальные представления, которым в некоторых чертах и признаках дается общая значимость. Концепт есть мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода. Концепт есть образование ума» [23:268]. Ю. Степанов бойынша, концепт — «адамның менталды әлеміндегі мәдениеттің маңызды ұяшығы» [24:40]. Концепт ұжымдық және жеке сипатқа ие бола алады, яғни концептосфера концептілердің жиынтығы ретінде бір ұлттың немесе белгілі бір ұжымға тән ұлттық концептосфераны құрай алады, ал кейде кей концептілер тек бір ұлтқа ғана тән, баламасыз жеке сипатқа ие болуы мүмкін [25:125]. Концепт терминіне берілген анықтамалардың сан алуандығын бұл терминнің ауқымды ұғымдарды қамтуымен, әрі өзге де жанама салаларда қолданылуымен байланыстыруға болады. Дегенмен оның лингвомәдениеттанудағы қолданысы мен шекарасын нақтылап белгілеу қажеттігі айқын сезіледі. Себебі *концепт* ұғымын ғылымның нақты саласы шеңберінде айқындап алу осы терминнен туындайтын *концептосфера*, *әлемнің концептуалды бейнесі* тәрізді терминдік тіркестерді де өзара ажыратуға септігін тигізетіні анық. Бұл «шатысқан» мәселенің шешімі ретінде Б. Питерс Мәдени Лингвистика мен лингвомәдениеттанудың негізгі атаулары мен ұғымдарын қамтитын сөздік құрастыруды ұсынған болатын [18:9]. Терминдерді жүйелеп, унификациялау туралы ұсыныс күн тәртібінен түскен жоқ. Лингвомәдениеттану шеңберінде концепт терминінің зерттеу бірлігі ретіндегі орны мен шекарасының белгіленбеуінен концептуалды талдау процедурасының қалай жүзеге асырылатыны да нақтыланбай келеді. Осыған қатысты талдау нәтижелерінің ғылыми шынайылығына, жарамдылығына күмәнмен қарау бар: «*концептуальный анализ* — до сих пор представляется размытым и недостаточно подкрепленным верификационно надежными исследовательскими процедурами, что создает основания для сомнений в его научной валидности» [22:26]. Лингвомәдени талдауды жекелеген лексемалардың семантикалық коннотацияларын талдау деп түсіну де бар [13:12]. Дегенмен қазіргі кезде лингвомәдениеттануда жаңадан әзірленіп жатқан категориялау теориясы әдіснамадағы осындай олқылықтың орнын толтырады [26:32] деп күтілуде.

Батыстық Мәдени Лингвистикаға келетін болсақ, ондағы терминдер мен ұғымдардың нақтыланып, олардың бір жүйеге түсірілуі оның басты артықшылығына айналды. Фарзад Шарифиан алғаш рет *мәдени концептуалдау* терминіне когнитивті процестің маңызды ұғымы ретінде анықтама беріп, оның мәдени когницияға тән *үлестірілген* (distributed) сипатқа ие екенін айтады. Басқаша айтқанда, бір мәдениет шеңберінде өмір сүретін оның мүшелері ойлау барысында және белгілі бір іс-әрекет кезінде өзара тәжірибе алмасуда үлгілер (шаблон) арқылы бір-бірімен байланыс орнатады. Аталған үлгілер адамның бойындағы концептуалдау, яғни ақиқат болмысты танып-білу қабілеті негізінде түзіледі. Бұл жерде, Шарифиан бір мәдениет шеңберінде өмір сүретін мүшелері санасында қалыптасқан мәдени когниция бар екендігі, әрі оның адамдар арасында біркелкі емес болса да таралғандығын айтады. Мәдени когниция арқылы байланысқан топ мүшелері арасында ақпарат паттерндері өзара үлестірілген сипатта болады. Осы жерде былай тұжырымдауға болады: бір мәдениет астында біріккен топ мүшелері бір мәдени когницияны тасымалдайды, ал мәдени когниция оны тасымалдаушылар арасында біркелкі таралмайды, яғни үлестірілген сипатқа ие. Осы мәдени когниция мен үлестірілген когниция терминдік атауларын біріктіріп, Шарифиан олардың қатынасын мәдени концептуалдау нәтижелері (өнімдері) ретінде таныстырып, оның ұжымдық сипатқа ие дүниетанымды қалыптастыратынын айтады [3]. Ал Мәдени Лингвистикаға Ф. Шарифиан тіл және мәдени концептуалдау арасындағы байланысты түсіндіруге арналған пәнаралық сала [14:13] деп анықтама береді. Бұл жерде *мәдени концептуалдау* ұғымын адамның концептуалдау қабілеті деп түсіндіруге болады. Аталған когнитивті үдеріс, яғни мәдени концептуалдау жеке және ұжымдық сипатта көрініс беріп, белгілі бір мәдениет аясында ұжымдасқан топ мүшелерінің бір-бірімен ойлау және мінез-құлық *үлгілерімен* үнемі өзара алмасуы барысында жүреді. Бұл жерде мәдени концептуалдаудың тілде ғана емес, сонымен қатар адам өмірінің көптеген аспектілерінде көрініс

табатын құбылыс екенін айта кеткен жөн. Оған өнер, эмоция, бейвербалды тіл (ым-ишарат), мәдени шаралар, салт-дәстүр (ұлттық би, рәсім) секілді адамдарға тән әрекеттер мен олардың нәтижелері мысал бола алады. Ал мәдени концептуалдау мәдениет пен когниция (таным) арасындағы өзара байланысқа негізделген мәдени когнициядан бастау алып, Мәдени Лингвистиканың талдау құралдары арқылы тілде көрініс табады (1-сурет). Басқаша айтқанда, тіл ұжымдық сипаттағы мәдени концептуалдау процесінің өткені мен қазіргі *формасын* сақтап тұрған *жад* болып табылады [3:37-39].



1-сурет. Мәдени когниция → Мәдени концептуалдау (талдау құралдары) → Тіл

Ф. Шарифианның пікірінше, тіл мен мәдени концептуалдау арасындағы байланысты зерттеуде когнитивті үдерістердің өнімі болып табылатын категориялау мен схемалау талдау құралдарының қызметін атқарады. Яғни мәдени концептуалдау тілде категория, схема және метафора тәрізді құралдар арқылы көрініс табады. Осы тұжырымға сәйкес, Ф. Шарифиан Мәдени Лингвистиканың талдау құралдарын белгілеп көрсетті, олар: *мәдени категория*, *мәдени схема* және олардың тілдегі көрінісі болып саналатын *мәдени метафора* [27].

Мәдени Лингвистиканың теориялық негізі мен талдау құралдарының нақты сипатқа ие болу себебі бұл бағыттың Ф. Шарифиан тарапынан жүйеленіп, бірізді дамуында жатыр. Әрине, бүгінде Ф. Шарифианның ұсынған талдау құралдарын одан әрі жетілдіріп, қолдану аясын кеңейтіп, жаңа түрлерін [28], [29] дамытып жатқан ғалымдар да бар. Осы әдебиетке шолу бөлімінде біз отандық және батыстық лингвомәдени зерттеулердің ерекшеліктеріне арналған зерттеулер мен аталған бағыттарда қолданылатын негізгі ұғымдарға тоқталдық. Аталған мақала шолу барысында қамтылмаған мәселелер негізінде лингвомәдениеттану мен Мәдени Лингвистика арасындағы әдіснамалық және теориялық айырмашылықтармен қатар, ортақ тұстарын анықтауды көздейді.

Нәтижелер мен талқылау

Батыстық және отандық лингвомәдени зерттеулердің арасындағы айырмашылықтар аталған салалардың қалыптасу тарихымен тікелей байланысты. Сондықтан лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистиканың жеке бағыт ретінде бөлініп шығуына негіз болған этнолингвистиканың, когнитивті лингвистиканың және мәдениеттанудың үлесін атап өтуіміз қажет. Отандық лингвомәдениеттанудағы *концепт* терминінің сана мен таным секілді ұғымдарды қамтуы лингвомәдени зерттеулердің когниция мәселелерін де қарастыратынын көрсетеді.

Лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистика бағыттарының арасындағы айырмашылықтар туралы сөз еткенде, олардың бір-бірінен тәуелсіз, жеке-дара дамуындағы басты себептердің бірі тілдік кедергі екендігін баса айтқымыз келеді. Біз бұл жерде посткеңестік кеңістіктегі орыс тіліндегі лингвомәдени зерттеулердің ағылшын тілді аудиторияға кең танылмай келгенін айтып отырмыз. Тіл кедергісі аталып отырған екі бағыт арасында ғылыми ақпараттар алмасуына кері әсер еткені сөзсіз. Бұл құбылыс «посткеңестік ғылымның «консервіленген» немесе «томаға-тұйық халде өмір сүруі» деп аталуда [22:25]. Бұған посткеңестік ғалымдардың ағылшын тіліндегі жарияланымдарының батыс ғалымдарына енді ғана танылып жатқандығын қосуға болады. Сонымен қатар осы тұста ғылыми бағыт пен салаларды топтастырудағы ағылшын-саксондық және континенталды үлгілер арасындағы айырмашылықтар да белгілі бір дәрежеде рөл атқарғанын жоққа шығара алмаймыз. Аталған факторлар лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистика арасындағы орын алған алшақтықтың себебін түсіндіреді.

Мәдени Лингвистика мен лингвомәдениеттану арасындағы ортақтықтардың бірі — екеуінің де талдау құралдары экстралингвистикалық деректерге сүйенетіндігі. Екі бағыт үшін де тілден тыс тұрған қосымша ақпараттарға сүйене отырып талдау жүргізу қажеттігі бар. Демек, екеуіне лингвистикалық және экстралингвистикалық ақпараттарға сүйену маңызды. Қарастырылып отырған

екі бағыттың да метатілінде *мәдени құндылық* ұғымы арнайы термин арқылы аталып, бөліп қарастырылмаса да, олардың талдау құралдары мен лексикалық бірліктерінің контексті арқылы анықталып, қамтылады. Теориялық негізі жүйеленген және талдау құралдары қалыптасқан Мәдени Лингвистиканы *мәдени құндылық* ұғымына лайықты дәрежеде назар аудармайды деген айыптауларға қарамастан, мәдени құндылық (cultural value) ұғымы белгілі дәрежеде қамтылған. *Құндылық* ұғымының лингвомәдениеттанудағы зерттелу деңгейі әлсіз деп бағаланса да, концептінің негізінде құндылық жатқанды, оның мәдениетті зерттеуге қызмет ететіндігі белгілі. Құндылықтар мәселесі арнайы термин арқылы аталып, бөліп қарастырылмаса да, екі бағыттағы зерттеулерде де қамтылатынына көз жеткіздік.

Лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистика бір-бірінен әдіснамалық тұрғыдан алшақтайтыны анықталды. Посткеңестік кеңістіктегі лингвомәдениеттанудағы *лингвомәдени рема*, *мәдени код*, *тілдік тұлға*, *лингвомәдени концепт* терминдердің мазмұны мен қамтитын белгілерінің нақтыланбауының өзі әдіснамалық тұрғыдан шатысуға әкеліп соқтыруда. Бір-бірінен айқын ажыратылған зерттеу құралдарының әлі де қалыптаспауы да оның кемшіліктеріне жатады. Қазіргі лингвомәдениеттанудағы зерттеулерде *концепт* термині ең жиі қолданылатын терминге айналды. Алайда бұл терминге берілген анықтамалардың көптігі оның мазмұн межесінің нақтыланбағанын танытады. Сонымен бірге бұл терминнің ауқымды ұғымдарды қамтуына, әрі өзге де салаларда қолданылуына байланысты. Лингвомәдениеттанудағы *концепт* ұғымының қолданысы мен шекарасын нақтылап белгілеу қажеттігі бар, себебі ол осы терминнен туындайтын *концептосфера*, *әлемнің концептуалды бейнесі* тәрізді терминдік тіркестерді де бір-бірінен ажыратуға көмектесе алады. Кезінде Б. Питерс ұсынған Мәдени Лингвистика мен лингвомәдениеттануда қолданылатын терминдер мен ұғымдар сөздігін құрастыру өз өзектілігін әлі де жойған жоқ. Терминдерді бір ізге салып, жүйелеу жұмысы болашақта атқарылатын істердің қатарында. *Концепт* терминінің нақтыланбауынан лингвомәдениеттанудағы концептуалды талдау процедурасын жүзеге асыру алгоритмдері де нақты сипатталмай келеді. Осыдан келіп талдау нәтижелерінің шынайылығы күмән туғызуда. Отандық лингвомәдени зерттеулерде концептуалды талдауды жекелеген лексемалардың семантикалық коннотацияларын талдаумен шектеу — қазіргі кезде орын алған қате түсініктердің бірі. Сондықтан лингвомәдениеттануда жасалып жатқан категориялау теориясы бұл мәселелерді шешуге көмектеседі деп күтілуде.

Отандық лингвомәдениеттанудағы терминдер мен ұғымдарды ажыратуда орын алған қиындықтардың бір себебі «мәдени ақпарат тілде қандай атау(лар) арқылы көрініс табады?» деген сұраққа лингвомәдениеттануда нақты жауаптың болмауында жатыр. Басқаша айтқанда, тіл арқылы *таңбаланған* мәдениет көрінісі әртүрлі атаулармен аталып, алуан түрлі сипатталып жүр. Ресейде төрт лингвоконцептологиялық мектеп (Воронеж, Краснодар, Волгоград, Кемерово) қалыптасқандығын ескерсек, бұл хаостың пайда болуы — қалыпты жағдай. Ал Мәдени Лингвистикаға келетін болсақ, ондағы терминдер мен ұғымдардың нақтыланып, олардың бір жүйеге түсірілуі оның басты артықшылығына айналды. Мәдени Лингвистика — тіл және мәдени концептуалдау арасындағы байланысты түсіндіруге арналған пәнаралық сала. Ал *мәдени концептуалдау* деп адамның концептуалдау қабілетімен байланысты когнитивті үдерісті атайды. Бұл үдеріс кезінде қауымдастық мүшелерінің бір-бірімен ойлау және мінез-құлық *үлгілерімен* үнемі өзара алмасады. Мәдени концептуалдау нәтижесі тек қана тілде көрініс таппайды, адам өмірінің түрлі аспектілерінде бейнеленеді. Мәдени концептуалдау мәдени когнициядан басталып, талдау құралдары арқылы тілде көрініс табады. Мәдени концептуалдау тілде категория, схема және метафора тәрізді құралдар арқылы көрініс табады. Мәдени Лингвистиканың талдау құралдарына *мәдени категория*, *мәдени схема* және олардың тілдегі көрінісі болып саналатын *мәдени метафора* жатады.

Мәдени Лингвистика мен лингвомәдениеттану арасындағы түсіністікті қамтамасыз ету үшін біз оларда қолданылатын талдау құралдары немесе терминдері арасындағы сәйкестікті орнатуға тырысамыз. Мәдени Лингвистикадағы *схема* термині отандық когнитивті лингвистикадағы *фрейм*, *сценарий*, *скрипт*, *менталды модель*, *жады нысаны* тәрізді терминдермен мағыналас. Схема ақпаратты ұйымдастыруға, түсіндіруге және жеткізуге көмектеседі, ал *мәдени схема* талдау құралы ретінде белгілі бір мәдениетте қалыптасқан сенімдер, әдет-ғұрыптар мен нормалар, мінез-құлық ерекшеліктері мен құндылықтарды қамтиды. Мысалы, үйлену тойы кез келген мәдениетте бар маңызды әрі дәстүрлі шара болғанымен, қазақтардағы үйлену тойының ұлттық дүниетанымына тән өзіндік ерекшеліктері бар екені сөзсіз. Қазақ мәдениетіндегі бұл шара адамның өміріндегі елеулі кадам ретінде жылдар бойы қалыптасқан салт-дәстүр негізінде жүзеге асырылады. Құда түсу, сырға

салу, ұзату, беташар тәрізді рәсімдер үйленудің алғашқы қадамдары ретінде танылып, аталған рәсімдерді атқару реті, оған қатысушылардың (аға-жеңгелері, құда-құдағи т.с.с) алатын орны мен қызметі барысында атқарылатын жоралғылар мен ырымдар мәдени схема ретінде анықталады. Тағы бір мысал. Қазақ мәдениетінде ежелден тойланатын Наурыз мерекесін қарастырсақ, аталған мерекенің шығу тегі иран мәдениетімен байланысты болғанымен, қазақтардың (мәдени) танымына бейімделгені анық. Жеті дақылдан тұратын мерекелік наурыз көже дайындау, дастарқанға *ақ* қою, үлкендермен амандасу тәрізді дәстүрлердің қазақ дүниетанымына сай жүзеге асырылуы барысында сақталатын реттілік пен наным-сенімдер аталған мәдени схемалардан тұрады.

Мәдени категория — белгілі бір мәдениеттегі оқиғаларды, нысандар мен өмірлік тәжірибелерді жүйелейтін құрал. Оның негізінде адамның ұқсату қабілеті жатыр. Ол *категориялау* деп аталатын когнитивті үдеріс арқылы жүзеге асады. Мысалы, қазақтардағы *шаңырақ* ұғымы халықтың танымында киіз үйдің күмбезді сүйегі ретінде қабылдануымен қатар, таным, ақпарат, ойлау секілді ұғымдық категориялар арқылы тілде «отбасы», «әулет», «баспана» секілді семантикалық бірліктерді қамтып, мәдени категорияға мысал бола алады.

Мәдени Лингвистикада мәдени метафора — белгілі бір мәдениет өкілдерінің мәдени категория және мәдени схема арқылы қоршаған ортаны тану, жүйелеу және түсіну құралы. Мысалы, *той* категориясына қайта оралсақ, қазақ дүниетанымында қыз баланың қоғамдық-әлеуметтік рөлінің «*қыз — қонақ*» ретінде концептуалдауы қазақ тіліндегі «*Қыз — жат-жұрттық*», «*Қыз — өріс, ұл — қоныс*», «*Қыз — қонақ*», «*Қыздың жолы жіңішке*» тәрізді мақалдар арқылы вербалданып, *төркіндеу дәстүрі* мәдени схемасы арқылы да көрініс табады. Бұл жерде қыз баланың тұрмысқа шыққаннан кейін әке-шешесіне, туған-туысқандарына қонақ ретінде келуі қазақ танымында аталған мәдени метафораның берік орнағанын көрсетеді. Осы тұста мәдени метафораны Джорж Лакофф пен Марк Джонсон теориясындағы концептуалды метафора ұғымынан [30] ажырата білу маңызды. Себебі екі ұғым да ойлау мен мәдениеттің тілдегі көрінісін анықтауға бағытталғанымен, оны анықтауда қолданылатын өлшемдер әртүрлі. Дж. Лакофф пен М. Джонсонның түсіндіруі бойынша, адам өзін қоршаған әлемді метафоралар қалыбы арқылы қабылдайды, яғни адам дерексіз ұғымдарды (target domain) өзіне таныс нақты атаулар (source domain) арқылы қабылдайды және осы арқылы нақты атаулар (source domain) арқылы *махаббат* деп аталатын дерексіз ұғым концептуалды метафора теориясы шеңберінде қазақ қисса-дастандары секілді поэтикалық шығармаларда *дерт* ретінде анықталады. Қазақ тіліндегі *ғашықтық жарасы, ғашықтық дерті, махаббат азабы* секілді поэтикалық тұрақты тіркестер «*махаббат — дерт*» концептуалды метафорасын құруға алып келеді [31: 276-277]. Басқаша айтар болсақ, концептуалды метафора когнитивті үдерістер арқылы қалыптасатын әмбебап құрылымдарға ұмтылса, мәдени метафора белгілі бір мәдениетте орнаған сенімдер мен құндылықтарға негізделген мәдени ерекшеліктер арқылы өзгешелікті (diversity) анықтауға тырысады, яғни мәдени метафораға мәдениеттің ерекшелігі негіз болады.

Мәдени Лингвистиканың аталған талдау құралдарына лингвомәдениеттанудағы *концепт* ұғымы сәйкес келеді. Лингвомәдениеттанудағы концепт — мәдени концептуалдаудың нәтижесі. Ал Мәдени Лингвистикадағы *мәдени концептуалдау* — когнитивті үдеріс, сонымен бірге оның нәтижесі де. Қазіргі кезде *концепт* когнитивті лингвистикада, когнитивті психологияда, лингвомәдениеттануда қатар қолданылып жүрген, құрылымы нақты әрі дәл белгіленбеген термин. Бұл *концепт* терминінің лингвомәдени бірлік ретіндегі эпистемиологиялық аясының айқындалмағандығын көрсетеді.

Когнитивті процестің нәтижесі ретіндегі мәдени концептуалдау отандық лингвомәдениеттанудағы *концепт* ұғымының баламасы екендігіне Мәдени Лингвистикада [3], [4] мен лингвомәдениеттанудағы [5], [6], [7] «жүрек» соматизмін зерттеуге арналған еңбектерге салыстырмалы талдау арқылы көз жеткіздік. Лингвомәдениеттанудағы *концепт* ұғымы «тілдік ақпаратты кодтайтын, сөздің ішкі мазмұнын, мәнін танытатын, оның затқа, реалийге қатысын, шындықты бейнелеуін көрсететін және сол ақпаратты келер ұрпаққа жеткізетін тілдік таңбалар жиынтығы» ретінде анықталып, концептілердің жүйесі қоршаған орта туралы қалыптасқан ақпараттар жиынтығы түрінде *ғаламның тілдік бейнесін* құрайтыны анықталды [5:119-120]. Бұл жердегі *ғаламның тілдік бейнесі*, негізінен, Мәдени Лингвистикада сипатталатын *мәдени когниция* ұғымына сәйкес келеді. Себебі мәдени когниция адамдардың өзара әлеуметтік және тілдік қарым-қатынасының нәтижесінде қалыптасатын танымның белсенді формасы [27:3]. Авторлар «тілдегі концептілерге лингвомәдени талдау жасау арқылы олардың тілдегі ұлттық-мәдени ерекшелігі» анықталатындығын мойындайды, әрі концептінің мәдени реңкке ие екендігімен де келіседі [5:121-122]. Бұл жерде лингвомәдениеттанудағы концепт категориясы ненің, қандай факторлардың әсерінен

калыптасады деген сұраққа нақты теориялық негіздеме қажет екендігі байқалады. Дегенмен «концепт — санадағы мәдениет элементтерінің тіл немесе сөйлеу процесі арқылы жүзеге асатын менталды көрінісі» [32:76-77] деген анықтамаға сүйенер болсақ, онда лингвомәдениеттанудағы *концепт* Мәдени Лингвистиканың теориялық негізі бойынша берілген сызбадағы *мәдени концептуалдау* ұғымына сәйкес келеді.

Лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистикадағы зерттеу материалдарына келетін болсақ, нақты зерттеу проблемасына сәйкес материал екеуіне де ортақ, ол белгілі бір автордың шығармасы, кітап немесе лексикографиялық еңбек пен мен жинақтар болуы мүмкін. Соған қарамастан отандық лингвомәдениеттануға зерттеу материалдары ретінде сөздіктерді алып, сонымен ғана шектеледі деген сын тағылуда. Мәдени реңкке ие концептілерді анықтауда сол тілдегі фразеологизмдер қорының немесе түсіндірме сөздіктердің негізгі зерттеу материалы ретінде жиі қолданылуы мәдениетті тіл арқылы емес, дискурс негізінде зерттеу қажеттігін ескертеді [33:211]. Ал Мәдени Лингвистикадағы зерттеу материалдары ретінде дискурс қарастырылады, мәдени концептуалдау нәтижесін дәйектеуде дискурс-талдау қолданылады. Сонымен қатар отандық лингвомәдени зерттеулерде тілдегі мәдениеттің көрінісі тек жалпылама *концепт* деп анықталса, Мәдени Лингвистика шеңберінде *мәдени схема*, *мәдени категория* және *мәдени метафора* арқылы беріледі. Бұл айырмашылық екі бағыттағы зерттеулердің нәтижесін анықтауда ерекше көзге түседі. Сол себепті де батыстық лингвомәдени зерттеулер жүйеленген және бірізді сипатқа ие. Алайда Мәдени Лингвистиканың талдау құралдарын тағы да жетілдіріп толықтыру қажет деген пікірлер де бар, тіпті осы жолда алғашқы талпыныстар да жасалуда. Мұның өзі екі бағыттың да үнемі даму үстінде екенін көрсетеді.

Қорытынды

Тіл, мәдениет және адам (сана) үштігіне негізделіп, тіл мен мәдениет арасындағы байланысты ашуға бағытталған посткеңестік және батыс ғалымдарының зерттеулері арасында айырмашылықтар бар. Бұл айырмашылықтардың себебі тіл мен мәдениет арақатысын зерттеуде қолданылатын әдіснамада жатыр. Ерекшелік ең алдымен олардың метатеориясындағы ұғымдар мен терминдерден көрінеді. Отандық лингвомәдениеттануда олардың ағылшын тіліне аударылған аудармаларында қолданылғанмен, батыс ғалымдарының метатеориясында кездеспейді. Бір-бірімен қатар, әрі бір-бірінен дербес дамудағы лингвомәдениеттану мен Мәдени Лингвистика өз әдіснамасы қалыптасқан жеке бағыттар, сондықтан ғылыми зерттеулер жазуда терминдерді механикалық аудару ғылыми қауымдастық арасында түсініспеушілік туғызып, бір ұғымның әртүрлі аталуы, оған қатысты бірнеше терминнің жарыса қолданылуы зерттеушілерді жаңылыстырып, олардың бір-бірін түсінуіне кедергі туғызуда.

Лингвомәдениеттану мен Мәдени Лингвистиканың бастаулары ортақ болғанмен, олардың әрқайсысы дербес даму үстіндегі бағыт. *Мәдени Лингвистика* (түпнұсқада: Cultural Linguistics) атты пәнаралық саланы отандық лингвомәдениеттанудың батыстық *баламасы* ретінде қабылдау қате, бұл ортақ ғылыми кеңістіктегі ғалымдардың бірін-бірі түсінуіне кедергі туғызуда. Посткеңестік зерттеулерде жиі қолданылатын *концепт* терминінің мазмұны кең. Ол батыстық зерттеулердегі *мәдени концептуалдау*, *мәдени скрипт* ұғымдарымен мағыналас.

Фарзад Шарифиан негізін салған Мәдени Лингвистика мен посткеңестік кеңістіктегі лингвомәдениеттану — өз әдіснамасы мен метатілі белгілі бір дәрежеде айқындалған бағыттар. Мақаланың мақсаты осы екі бағыттың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау.

Батыстық және отандық лингвомәдени зерттеулер арасындағы айырмашылықтар аталған салалардың қалыптасуына тарихымен тікелей байланысты. Сондықтан лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистиканың жеке бағыт ретінде бөлініп шығуына негіз болған этнолингвистиканың, когнитивті лингвистиканың және мәдениеттанудың үлесін атап өтуіміз қажет. Мәдени Лингвистика ғылыми тәсіл, әрі пәнаралық бағыт ретінде танылған. Ол *таным* — *тіл* — *мәдениет* үштігіне негізделген, когнитивті лингвистика мен антрологиялық лингвистика салаларын біріктіретін пәнаралық бағыт. Ал лингвомәдениеттану мәдениеттану мен лингвистиканың тоғысында пайда болған ғылым деп түсіндіріледі, оның когнитивті табиғаты кең қарастырылмайды.

Лингвомәдениеттану мен Мәдени Лингвистиканың ұқсастықтары тілді мәдениет ұғымымен байланыстыра зерттеудің қажеттілігін мойындауында жатыр. Екі бағыттағы зерттеулер де тілдік емес ақпараттарды талдауды маңызды деп таниды. Мәдени құндылық ұғымы екі бағытта да зерттеу фокусынан тысқары деп сыналғанмен, біздің талдауымыз бұл мәселенің екі бағыттағы зерттеулерде де қамтылғанын анықтады.

Екі бағыт арасындағы айырмашылықтар олардың әдіснамалық негізі мен терминдерінің шекараларының белгіленіп, нақтылану дәрежесінде. Нақты әрі айқын зерттеу құралдарының қалыптаспаған лингвомәдениеттануда терминдік хаос орын алған. Бір терминге берілген анықтамалар да әртүрлі. Бір ұғымды бірнеше терминмен атау орын алған. Бұл ұғымдар ауқымын белгілеуді қолға алу керектігін көрсетеді. Лингвомәдениеттанудың негізгі атаулары мен ұғымдарын жүйелеу, оларды қамтитын терминдер сөздігін құрастыру — болашақта атқарылатын істердің бірі. Лингвомәдени талдау процедурасының да нақтыланбауы оның әлсіз тұстарына жатады. Ал батыстық Мәдени Лингвистиканың терминдері мен ұғымдары нақты, жүйеленген, талдау құралдары *мәдени категория*, *мәдени схема* және *мәдени метафора* болып, нақтыланған. Негізгі бөлімде біз бұл талдау құралдарының әрқайсысына тоқталып, мысалдар арқылы түсіндіруге тырыстық.

Қарастырылып отырған екі бағыттағы зерттеулерді түсіну үшін біз ұғымдар сәйкестігін анықтауды көздедік. Екі бағыттағы зерттеулерді салыстыру арқылы Лингвомәдениеттанудағы *концепт* ұғымы Мәдени Лингвистиканың *мәдени концептуалдау*, *мәдени схема*, *мәдени метафора* секілді зерттеу құралдарына толық болмаса да ішінара сәйкес келсе, *ғаламның тілдік бейнесі* ұғымына Мәдени Лингвистикадағы *мәдени когниция* ұғымы тұспалдас келеді.

Лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистика арасындағы айырмашылық зерттеу материалдарынан да байқалады. Лингвомәдени зерттеулердің материалдары ретінде көбіне статикалық сипаттағы тілдік материалдар — лексикографиялық еңбектер таңдалса, Мәдени Лингвистика тілдік құбылысты динамикалық дискурс негізінде зерттеу қажет деп есептеп, көбіне дискурс-талдау әдісін қолданады. Қарастырылған бағыттардың әрқайсысының қалыптасқан не қалыптасу үстіндегі өз әдіснамасы мен метатілі бар, алайда олардың біреуінің әлсіз тұстары екіншісінің артықшылығын танытпайды, екеуі де үздіксіз даму үстіндегі бағыттар болып табылады, ал салыстыру әдісі арқылы анықталған айырмашылықтар олардың даму бағытын белгілейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Питерс Б. Прикладная этнолингвистика — это лингвокультурология, но лингвокультурология ли? / Б. Питерс // Жанры речи. — 2017. — № 1 (15). — С. 37–50. DOI: 10.18500/2311-0740-2017-1-15-37-50.
- 2 Mizin K. “Western” Cultural Linguistics and “Post-soviet” Linguoculturology: Causes of Parallel Development / K. Mizin., J. Korostenski // Linguistic studies. — 2019. — Issue 37. — P. 7–13. DOI: 10.31558/1815-3070.2019.37.1.
- 3 Sharifian F. Cultural Conceptualizations and Language: Theoretical Framework and Applications / F. Sharifian — Amsterdam: John Benjamins, 2011. — 255 p.
- 4 Kóczy J. More Than Emotions: Cultural Conceptualizations of ‘Heart’ in Hungarian / J. Kóczy // Brill’s Studies in Language, Cognition and Culture Series. — Leiden–Boston: Brill, 2023. — Vol. 37. — P. 75–107. DOI: 10.1163/9789004548640.
- 5 Исатай А. Қазақ және түрік фразеологизмдеріндегі «жүрек» концептісі [Электрондық ресурс] / А. Исатай, С. Жанболатова // «Қазақстан ғылымының дамуы мен келешегі жастар көзімен» атты студенттердің VII ЖОО аралық дәстүрлі ғылыми апталығының еңбектері. — Қаскелең, 2018. — Б. 119–130. — Кіру режимі: <https://repository.sdu.edu.kz/handle/123456789/1363> (кіру күні: 25.10.2024).
- 6 Канапиянова Н. М. Мұқағали Мақатаев шығармасындағы «жүрек» концептісі / Н. М. Канапиянова., А. А. Алимхан // Актуальные научные исследования в современном мире. — 2021. — Вып. 3 (71). — Б. 118–123.
- 7 Madaminova I. The Concept of Heart in Conceptual Language System [Electronic resource] / I. Madaminova // European Scholar Journal. — 2022. — Vol. 3. — № 2. — P. 53–55. — Access mode: <http://scholarzest.com/index.php/esj/article/view/1843/1551> (Date of request: 25.04.2025).
- 8 Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пос. / В.А. Маслова. — М.: Академия, 2001. — 208 с.
- 9 Воркачëв С. Г. «Куда ж нам плыть?» — лингвокультурная концептология: современное состояние, проблемы, вектор развития [Электронный ресурс] / С. Г. Воркачëв // Язык, коммуникация и социальная среда. — 2010. — № 8. — С. 5–27. — Режим доступа: <http://www.philology.ru/linguistics2/vorkachev-10a.htm> (дата обращения: 14.11.2024)
- 10 Воробьев В. В. Коммуникативная лингвокультурология — авангардное направление в XXI веке / В. В. Воробьев // Лингвокультурологические чтения: сб. ст. Междунар. науч. -практ. конф. — М., 2023. — С. 17–22.
- 11 Оспанова Ф. Ә. Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика пәндерінің арақатынасы / Ф. Ә. Оспанова // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің хабаршысы. — 2012. — № 5. — Б. 151–155.
- 12 Слышкин Г. Г. Лингвокультурные концепты и метаконцепты: автореф. дис. ... д-ра фил. наук / Г. Г. Слышкин. — Волгоград, 2004. — 44 с.
- 13 Киклевич А. Польская и русская школы культурной лингвистики: сходство и различие подходов / А. Киклевич // East European Review. — 2019. — № 2. — С. 273–292.
- 14 Sharifian F. Cultural Linguistics / F. Sharifian. — Amsterdam: John Benjamins, 2017 — 199 p.

- 15 Palmer G. Toward a Theory of Cultural Linguistics / G. Palmer. — Austin: University of Texas Press, 1996. — 360 p.
- 16 Ли А. Российская лингвокультурология и культурная лингвистика на Западе и в Китае / А. Ли // Лингвокультурологические чтения: сб. ст. Междунар. науч.-практ. конф. — М., 2023. — С. 283–286.
- 17 Мошкина М. А. Текстовая презентация экстралингвистической информации в сочинениях учащихся о родном крае: автореф. дис. ... канд. пед. наук. / М. А. Мошкина. — Екатеринбург, 2012. — 23 с.
- 18 Peeters B. On Linguoculturology and Cultural Linguistics / B. Peeters // Vestnik NSU. Series: Linguistics and Intercultural Communication. — 2019. — Vol. 17. — Issue 4. — P. 6–11. DOI: 10.25205/1818-7935-2019-17-4-6-11.
- 19 Shahi M. Some reflections on Sharifian's approach to cultural linguistics / M. Shahi // Intercultural Pragmatics. — 2023. — Vol. 20, № 2. — P. 199–207. — DOI: 10.1515/ip-2023-2004
- 20 Mahyuni M. Going beyond Natural Semantic Metalanguage (NSM) on Culture Evaluation / M. Mahyuni, N. Ahmadi, M. Fadji // 2nd Annual Conference on Education and Social Science. — 2021. — P. 569–573. — DOI: 10.2991/assehr.k.210525.151.
- 21 Карасик В.И. Культурные доминанты в языке [Электронный ресурс] / В.И. Карасик // Языковая личность: культурные концепты. — Волгоград-Архангельск: Перемена, 1996. — С. 166–205. — Режим доступа: <https://philologos.narod.ru/ling/karasik.htm> (дата обращения: 25.04.2025)
- 22 Мизин К. Препятствия на пути к научной синергии основных версий культурной лингвистики / К. Мизин // Opera Slavica. — 2023. — Т. 33. — № 2. — С. 23–39. DOI: <https://doi.org/10.5817/OS2023-2-2>.
- 23 Аскольдов С. А. Концепт и слово / С.А. Аскольдов; под ред. В. П. Нерознака // Русская словесность: От теории словесности к структуре текста: Антология. — М.: Academia, 1997. — С. 267–280.
- 24 Степанов Ю. С. Константы: словарь русской культуры. Опыт исследования: словарь / Ю. С. Степанов. — М.: Школа «Языки русской культуры», 1997. — 824 с.
- 25 Әлметова Ә. С. Мәдени концепт және әлемнің тілдік бейнесі / Ә. С. Әлметова // Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ хабаршысы. «Педагогика» сериясы. — 2013. — № 1/2. — Б. 122–126.
- 26 Маслова В. А. Лингвокультурология сегодня: важнейшие проблемы и пути их решения / В. А. Маслова // Лингвокультурологические чтения: сб. ст. Междунар. науч.-практ. конф. — М., 2023. — С. 30–36.
- 27 Sharifian F. Advances in Cultural Linguistics — [Electronic resource]. — 2017. — Access mode: https://www.researchgate.net/publication/313714991_Advances_in_Cultural_Linguistics (date of request: 20.10.2024)
- 28 Keshavarz M. H. New Analytical Model of Cultural Linguistics / M. H. Keshavarz, M. A. Noshadi. — Newcastle upon Tyne: Cambridge Scholars Publishing, 2023. — 162 p.
- 29 Glaz A. Cultural Linguistics in Dialogue / A. Glaz // In: The Handbook of Cultural Linguistics. — 2024. — P. 135–155.
- 30 Лакофф Дж. Метафоры, которыми мы живем / Дж. Лакофф, М. Джонсон; пер. с англ. / под ред. А.Н. Баранова. — М.: Едиториал УРСС, 2004. — 254 с.
- 31 Жұбатова Б. Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер. / Б. Жұбатова. — А.: Қазақ университеті, 2012. — 312 б.
- 32 Карасик И. Лингвокультурный концепт как единица исследования / И. Карасик, П. Слышкин // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. — Воронеж: Научное издание, 2001. — С. 75–80.
- 33 Павлова А. В. Лингвокультурология в России: «за» и «против» / А. В. Павлова // East European Review. — 2015. — № 6/2. — С. 201–221.

К.Б. Жетписбаева, Б.Н. Джубатова

Лингвокультурология и культурная лингвистика: сравнительный анализ

У истоков изучения взаимообусловленности языка и культуры стояла этнолингвистика, которая впоследствии трансформировалась в лингвокультурологию — новое научное направление в лингвистике. Постсоветская лингвокультурология и западная культурная лингвистика представляют собой разные научные подходы: их понятия, терминология и методы исследования значительно отличаются друг от друга. Эти различия особенно ярко проявляются при сравнении метаязыка лингвокультурологии с западным направлением — культурной лингвистикой. В статье представлены результаты сравнительного анализа исследований указанных научных направлений и рассматриваются перспективы их дальнейшего развития. Целью работы является выявление сходств и различий в методологии и метаязыке данных направлений, а также объяснение причин их возникновения. Кроме того, исследователи описывают инструменты западной культурной лингвистики, такие как *культурная категория*, *культурная схема* и *культурная метафора*, и выделяют понятия как *распределенная когниция* и *культурная когниция*, формирующие теоретическую основу данного направления. Также, авторы делают вывод, что результату культурной концептуализации соответствует понятие *концепт*, который является исследовательской единицей лингвокультурологии. Практическая значимость исследования заключается в том, что она включает в

себя рекомендации для отечественных исследователей, планирующих публиковать научные статьи в зарубежных изданиях, путем выявления особенностей методологии западной культурной лингвистики. Также в статье подчеркивается актуальность уточнения терминологического аппарата в метаязыке лингвокультурологии.

Ключевые слова: лингвокультурология, культурная лингвистика, концепт, культурная концептуализация, культурная когнития.

K. Zhetpisbayeva, B. Jubatova

Linguoculturology and cultural linguistics: a comparative analysis

The study of the interdependence between language and culture originated in ethnolinguistics, which later developed into linguacultural studies—a distinct field within linguistics. Post-Soviet linguacultural studies and Western Cultural Linguistics represent divergent scholarly traditions, differing significantly in their conceptual frameworks, terminologies, and research methodologies. These differences become particularly evident when comparing the metalanguage of linguacultural studies with that of Western Cultural Linguistics. This article presents the results of a comparative analysis of research conducted within these two academic traditions. Its aim is to identify similarities and differences in their methodologies and metalanguages and to explain the historical and theoretical foundations underlying their development. The authors describe key analytical tools in Western Cultural Linguistics, including *cultural categories*, *cultural schemas*, and *cultural metaphors*, and highlight foundational concepts such as *distributed cognition* and *cultural cognition*. The authors conclude that the results of cultural conceptualization correspond to the central research unit in linguacultural studies, namely the *concept*. The practical significance of the study lies in offering recommendations for domestic researchers aiming to publish in international academic journals by outlining the methodological features specific to Western Cultural Linguistics. Additionally, the article emphasizes the importance of refining the terminological framework within the metalanguage of linguacultural studies.

Keywords: linguoculturology, Cultural Linguistics, concept, cultural conceptualization, cultural cognition.

References

- 1 Peeters, B. (2017). Prikladnaia etnolingvistika — eto lingvokulturologiia, no lingvokulturologiia li? [Applied Ethnolinguistics — Is it Linguoculturology or Cultural Linguistics?]. *Zhanry rechi — Genres of Speech*, 1 (15), 37–50. DOI: 10.18500/2311-0740-2017-1-15-37-50 [in Russian].
- 2 Mizin, K., & Korostenski, J. (2019). “Western” Cultural Linguistics and “Post-soviet” Linguoculturology: Causes of Parallel Development. *Linguistic studies*, 37, 7–13. DOI: 10.31558/1815-3070.2019.37.1.
- 3 Sharifian, F. (2011). *Cultural Conceptualizations and Language: Theoretical Framework and Applications*. Amsterdam: John Benjamins, 255 p.
- 4 Kóczy, J. (2023). More than Emotions: Cultural Conceptualizations of ‘Heart’ in Hungarian. In *Brill’s Studies in Language, Cognition and Culture Series*, 37, 75–107. Leiden–Boston: Brill.
- 5 Isatay, A., & Zhanbolatova, S. (2018). Qazaq zhane turik frazeologizmderindegі «zhurek» konceptisi [The concept of “heart” in Kazakh and Turkish idioms]. “Qazaqstan gyliminin damuy men keleshegi zhastar kozimen” atty studentterdin VII Zhogary oqu oryndary aralyq dasturli gylimi aptalygynyn enbekteri — Proceedings of the VII Interuniversity Traditional Scientific Week of Students “From the perspective of the future youth of Kazakh science” (pp. 119–130). Kazkelen [in Kazakh].
- 6 Kanapijanova, N. M., & Alimhan, A. A. (2021). Mukagali Makataev shygarmasyndagy «zhurek» kontseptisi [Mukhagali Makatayev — The Concept of “Heart” in his Works]. *Aktualnye nauchnye issledovaniia v sovremennom mire — Current Scientific Research in the Modern World*, 3 (71), 118–123 [in Kazakh].
- 7 Madaminova, I. (2022). The Concept of Heart in Conceptual Language System. *European Scholar Journal*, 3(2), 53–55. Retrieved from <https://scholarzest.com/index.php/esj/article/view/1843/1551>
- 8 Maslova, V. A. (2001). *Lingvokulturologiia* [Linguoculturology]. Moscow: Academia [in Russian].
- 9 Vorkachjov, S. G. (2010). «Kuda zh nam plyt?» — lingvokulturnaia kontseptologiya: sovremennoe sostoianie, problemy, vektor razvitiia [“Where Should We Go?” — Linguistic Conceptology: Contemporary State, Problems, Development Vector]. *Yazyk, kommunikatsiia i sotsialnaia sreda — Language, Communication and Social Environment*, 8, 5–27. Retrieved from <http://www.philology.ru/linguistics2/vorkachev-10a.htm> [in Russian].
- 10 Vorob'ev, V. V. (2023). Kommunikativnaia lingvokulturologiia — avangardnoe napravlenie v XXI veke [Communicative linguoculturology — main direction in the 21st century]. *Lingvokulturologicheskie chteniia: sbornik statei Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii — Linguoculturological issues: collection of articles from International scientific-practical conference* (pp. 17–22). Moscow [in Russian].
- 11 Ospanova, F. (2012). Lingvomadeniettanu men etnolingvistika panderinin araqatynasy [The Interaction of Linguoculturology and Ethnolinguistics]. *Qorqyt Ata atyndagy Qyzylorda memlekettik universitetinin khabarshysy — Bulletin of Korkyt Ata Kyzylorda State University*, 5, 151–155 [in Kazakh].

- 12 Slyshkin, G. G. (2004). Lingvokulturnye kontsepty i metakontsepty [Linguocultural Concepts and Metaconcepts]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Volgograd [in Russian].
- 13 Kiklevich, A. (2019). Polskaia i russkaia shkoly kulturnoi lingvistiki: shodstvo i razlichie podkhodov [Polish and Russian Schools of Cultural Linguistics: Similarities and Differences in Approaches]. *East European Review*, 2, 273–292 [in Russian].
- 14 Sharifian, F. (2017). *Cultural Linguistics*. Amsterdam: John Benjamins, 199 p.
- 15 Palmer, G. (1996). *Toward a Theory of Cultural Linguistics*. Austin: University of Texas Press, 360 p.
- 16 Lee, A. (2023). Rossiiskaia lingvokulturologiia i kulturnaia lingvistika na Zapade i v Kitae [Russian Linguoculturology and Cultural Linguistics in the West and China]. *Lingvokulturologicheskie chteniia: sbornik statei Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii — Linguoculturological Issues: collection of articles from the International Scientific-Practical Conference* (pp. 283–286). Moscow [in Russian].
- 17 Moshkina, M. A. (2012). Tekstovaia prezentatsiia ekstralingvisticheskoi informatsii v sochineniiakh uchashchikhsia o rodnom krae [Textual Presentation of Extralinguistic Information in Compositions of Students about Their Homeland]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Ekaterinburg [in Russian].
- 18 Peeters, B. (2019). On Linguoculturology and Cultural Linguistics. *Vestnik NSU. Series: Linguistics and Intercultural Communication*, 17 (4), 6–11. DOI: 10.25205/1818-7935-2019-17-4-6-11.
- 19 Shahi, M. (2023). Some reflections on Sharifian's approach to cultural linguistics. *Intercultural Pragmatics*, 20 (2), 199–207. DOI: 10.1515/ip-2023-2004
- 20 Mahyuni, M., Ahmadi, N., & Fadjri, M. (2021). Going beyond Natural Semantic Metalanguage (NSM) on Culture Evaluation. In *2nd Annual Conference on Education and Social Science* (pp. 569–573).
- 21 Karasik, V. (1996). Kulturnye dominanty v yazyke [Cultural Dominants in Language]. *Yazykovaia lichnost: kulturnye kontsepty — Linguistic Personality: Cultural Concepts*, 166–205. Volgograd-Arkhangelsk: Peremena. Retrieved from <https://philologos.narod.ru/ling/karasik.htm> [in Russian].
- 22 Mizin, K. (2023). Prepiatstviia na puti k nauchnoi sinergii osnovnykh versii kulturnoi lingvistiki [Obstacles on the Path to Scientific Synergy of Main Versions of Cultural Linguistics]. *Opera Slavica*, 33(2), 23–39. DOI: <https://doi.org/10.5817/OS2023-2-2> [in Russian].
- 23 Askoldov, S. A. (1997). Kontsept i slovo [Concept and word]. *Russkaia slovesnost: Ot teorii slovesnosti k strukture teksta: Antologiya — Russian language. From the theory of language to the structure of the text: anthology*. V.P. Neroznaka (Ed.). Moscow: Academy [in Russian].
- 24 Stepanov, Yu. S. (1997). *Konstanty: slovar russkoi kultury. Opyt issledovaniia* [Constants: A Dictionary of Russian Culture. An Attempt at Investigation]. Moscow: Shkola «Yazyki russkoi kultury» [in Russian].
- 25 Almetova, A. S. (2013). Madeni kontsept zhane alemnin tildik beinesi [Cultural concept is the linguistic image of the world]. *Abylai khan atyndagy Qazaq Khalyqaralyq Qatynastar zhane Alem Tilderi Universiteti Khabarshysy. Pedagogika seriiasy — Bulletin of Abylaikhan Kazak University of International Relations and World Languages. Pedagogy series*, 1/2, 122–126 [in Kazakh].
- 26 Maslova, V. A. (2023). Lingvokulturologiia segodnia: vazhneishie problemy i puti ikh resheniia [Linguoculturology Today: Key Problems and Solutions]. *Lingvokulturologicheskie chteniia: sbornik statei Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii — Linguoculturological Readings: collection of articles from the International Scientific-Practical Conference* (pp. 30–36). Moscow [in Russian].
- 27 Sharifian, F. (Ed.). (2017). *Advances in Cultural Linguistics*. Retrieved from https://www.researchgate.net/publication/313714991_Advances_in_Cultural_Linguistics
- 28 Keshavarz, M. H., & Noshadi, M. (2023). *A New Analytical Model of Cultural Linguistics*. Newcastle upon Tyne: Cambridge Scholars Publishing.
- 29 Glaz, A. (2024). Cultural Linguistics in Dialogue. In *The Handbook of Cultural Linguistics*, 135–155.
- 30 Lakoff, G., & Johnson, M. (2004). Metafor, kotorymi my zhivem [Metaphors We Live]. A.N. Baranov (Ed.). (Trans.). Moscow: Editorial URSS [in Russian].
- 31 Jubatova, B. (2012). *Qazaq tilindegi arab, parsylyq kirme frazeologizmderi* [Arabic-Persian borrowed phraseological units in the Kazakh language]. Almaty: Qazaq University [in Kazakh].
- 32 Karasik, I., & Slyshkin, P. (2001). Lingvokulturnyi kontsept kak edinita issledovaniia [Linguocultural Concept as a Unit of Research]. *Metodologicheskie problemy kognitivnoi lingvistiki — Methodological Problems of Cognitive Linguistics*, 75–80. Voronezh: Nauchnoe izdanie [in Russian].
- 33 Pavlova, A. V. (2015). Lingvokulturologiia v Rossii: «za» i «protiv» [Linguoculturology in Russia: “For” and “Against”]. *East European Review*, 6/2, 201–221 [in Russian].

Information about the authors

Zhetpisbayeva, Kaluash Berikovna (corresponding author) — 3-year PhD student, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kaluash_88@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6366-6534>

Jubatova, Bayan Nursultanovna — Doctor of Philology, Associate Professor of Department Middle East and South Asia, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: zhubatova@kaznu.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3653-5870>